

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ

*Токшылыкова Г.Б.¹, Сартбаева Э.К.², Бораш Р.Б.³

^{*1}магистр, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

²магистр, аға оқытушы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: scorpio_es@mail.ru

³пед. ғ. канд., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: borash62@mail.ru

Андатпа. Зерттеудің мақсаты – кеңес заманында жарық көрген дилогияның аллегориялық сипатын аша отырып, көркем туынды желісі бойынша қазақ жерін отарлау үдерісіне бойлау. Авторлық позицияны айқындауды негізгі бағыт ете отырып, авторлар тәуелді кезең туындыларына жаңаша көзқараспен қарап, интерпретациялау қажеттігі идеясын алға тартады. Сан жылдар бойы бұрмаланған дәстүріміз бен ұлттық болмысымызды тарихи қалың қабаттарынан аршып, індете зерттеп, құндылығымызды дәріптеу, тәуелсіз көзқарас тұрғысынан оң бағасын беру – зерттеудің өзектілігі болып табылады. Ғылыми жаңалығы – астарлы мағынада жазылған романды тәуелсіздік көзқарас тұрғысынан пайымдап, қалың қабатын аршып көрсетіп, қаламгердің романды жазудағы басты мақсатын, ұлтына адалдығын, елжандылығын танытуында. Зерттеу нысанына жазушы Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» дилогиясы алынды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы отарлық пиғыл мен мақсатты оқырманға түсіндіру арқылы авторлық шешімнің айқындалды. Тарихи фактілерге сүйене отырып, заман атмосферасын, тынысын, әлеумет өмірін айқын көрсету үшін автор кеңестік заманда осы туындыны мақсатты түрде жазған. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы оның жетістіктерін қазақ тарихы, қазақ әдебиетінің тарихына қатысты арнайы курс, семинарларда, оқу құралын жазуда кеңінен пайдалануға болады. Жазушы шеберлігі мен өмір шындығы, ондағы көркемдік мұраттар, қазақ болмысы, дүниетанымы өзара байланыста қарастырылады. Осы бағытта тарихи, тарихи-мәдени, тарихи-типологиялық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеуде геосаяси жағдайларға байланысты қазақ жерін отарлау процесі күрделі жағдайда өткені, оның қазақ халқының өміріне үлкен өзгерістер әкелгені, тұтас ұрпақтың психологиясына кері әсерін тигізгені ғылыми еңбектерге сүйене отырып талданып, айқындалды. Нәтижесінде романның өн бойында көрініс тапқан патшалық империяның отарлау; қазақ зиялылары мен ақсүйектерін кемсіту, мұқату, қорлау; қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алу; құнарлы жерге орыс даласынан келімсектерді әкеліп орналастыру; зиянды, кеселді қасиеттерін үйрету, жұқтыру сынды дүниелер әлеумет өмірі арқылы пайымдалды. Соның ішінде дала халқы тіршілігінің негізгі көзі болған жылқы түлігінен айыру арқылы қазақ рухының әлсіреуі мәселесі кеңінен пайымдалады. Зерттеудің құндылығы сол Ақан сері трагедиясына тереңдеу арқылы мәдениет, тарих, этнография, құқық саласына қажетті білім құндылықтары жүйеленді. Жұмыс қорытындысының практикалық маңыздылығы тоталитарлық жүйеге қарамастан отарлық пиғылды ашық көрсеткен ұлт жанашыры С.Жүнісов романының тарихи құндылығы, ұлт руханияты үшін маңыздылығы бағамдалды.

Тірек сөздер: қазақ рухы, отарлау, жылқы түлігі, жайылым, көшпелі өркениет, болмыс, дәстүр, барымта салты

Негізгі ережелер

Әр халықтың байырғы қазынасын бүгінгі үдеріспен байланыстыратын рухани тәжірибесі ұлтты ұйыстыру, сақтау үшін қажет. «Ұлттық көркем әдебиет – этникалық жадты, дүниетанымдық архетиптерді, ментальды ерекшеліктерді берудің әмбебап саласы» [1, 36.]. Ұлы даланың әрбір қыры әлемдік өркениет контексінде ерекше көрініс табатынын ескерсек, атқа міну мәдениеті де осы өркениеттің елеулі бөлігі болғандықтан, оны да назардан тыс қалдыруға болмайды. Ғылымда жылқыны қолға үйрету мәдениеті – әлем өркениетінің ең басты жетістіктерінің бірі саналып келгені белгілі [2]. Жылқы – Ұлы Дала мәдениетінің темірқазығы, қазақ ұлтының асқақ рухы! Қазақ ұлтының ұлылығын, даналығын, қазақ елінің елдігін әлемге танытудың жолы. Жылқыны дәріптеу арқылы біз қазақтың болмысын, дәстүрін, мәдениетін, салт-санасын, этнографиясын, тарихын, қала берді ұлттық спортын дәріптейміз.

Кіріспе

Тарихи және заман шындығы әрбір әдеби туындының бастау көзі болып табылатынын ескерсек, С.Жүнісовтің аталған романы қазақтың аяулы тұлғасы Ақан сері Қорамсаұлының өмір жолын жазуға ғана бағытталған деп айта алмаймыз. Жазушы өнер иесі Ақанның қайшылықтарға толы азапты да күрделі өмір жолын қазақ даласын отарлау саясаты, оның ұлтымызға тигізген кеселдері мен зардаптарымен байланыстыра, сабақтастыра суреттеген. Отарлау – қазақ ұлтының болмысы мен санасын, рухын жаныштады. Ұлтының тапталған ары мен тулаған намысы жолында тоталитарлық режимнің өзінен сескенбей, осындай қазақ ұлтының өткенін дәріптеген туынды жазудың өзі – ерлікпен парапар дүние деп білеміз. Жылқы мінезді асау, ешкімге бас имей, арындап тұрған еркіндік сүйгіш қазақты отаршылдар аттан түсірді. Мақсаты – жылқытекес халық ұландарының рухын жасыту, жаныштау. «Осыншама кең даланы меңгеру үшін, ұлан байтақ кеңістікті қаусыру үшін тек қазанаттың ғана жалы мен белі, тұяғының желі керек болды. Бұл сөзіме тарих куә» деп С.Түгел айтқандай, расында үлкендігі есік пен төрдей азынаған айғырларға мінген батыр қазақтар елін, жерін қаншама сыртқы жаулардан құтқарып қалды [3, б.]. Осы тұрғыдан алғанда халық қазанатқа қарыздар екен. Қасиетті жерді жаяу қорғаған жоқ, қазанаттың көмегімен сақтап қалды. Зерттеуші С.Түгелдің дерегінше, 1928 жылға дейін саны 6 миллион қазақта 60 миллионнан астам төрт түлік малдың түрі болыпты. 1916 жылғы санақта қазақта 5 млн 640 мың жылқы болған. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуші С.Түгел мал санының күрт кемуінің астарынан сұрқия саясаттың ізін көреді. Ол «әдейі қазақты жер бетінен жоғалту үшін істелінген, қолдан жасалған қылмыс» деп танып, авторы – Сталин, қолшоқпары – Голощекин деп біледі [3]. Оған себеп болған Сталин мен Голощекин арасындағы әңгіме, екеуінің арасындағы келісім екен. Оның жалпы мазмұнында Голощекиннің миллиондаған жылқысы бар қазақ сынды

ер халықтың атқа мінсе, арқаланып, өзгеріп, ешкімге бағынбайтынын, оларды мойынсұндырудың, кеңес үкіметіне бағындырудың бір ғана жолы – аттан түсіріп, астындағы асау тұлпарын тартып алу мәселесі талқыланады. Қазақты аттан жерге түсіргенде ғана рухын сындыратынын білген Голощекин логикасының дұрыстығына ешкім шек келтірмейді. Ер үстінде күн кешкен қазақтың ұрпағын жаяу қалдырды. Жылқыдан айрылған қазақтың рухы жаншылып, қанаты қайрылды. Жылқыдан айрылғасын өр, асау мінезден де айрылып, көрінген келімсекке жалпылдап, жалтақтайтын жұпыны мінез халге түсті. Олардың ата-бабалары «жаяу әскер» емес, ат үстіндегі айбарлы жауынгерлер болғаны еленбеді. Қазақтың салқар даласында дала өркениетін жасауда да оларға жылқының көмегі көп болғаны белгілі. Тарих сақтар мен ғұндарды жаяу таныған жоқ, ат үстінде таныды.

Туындының бас кейіпкерлерінің бірі дала губернаторы барон Таубеннің қолынан «...за безнедоимочное взыскание кибиточной подати и земского сбора с населения Кокчетавского уезда» деген алғыс алған соң беделі артқан Коновалов жергілікті халықты адам деп танудан қалған. Қазақ дәстүрінің бәрін, соның ішінде барымтаны отарлаушылар тағылық, надандық деп түсінді. Ояз Коноваловтың сөз арасында «шетінен тізіп, сақалдарын күзеу керек надандардың. Қарындарын шартитып, семіргеннен басқаны білмейді. Өңшең күлге аунаған түйелер. Сволочи, сволочи, шетінен бұғаулап Сибирьге айдар ма еді» [4, 72 б.] деген сөздерінен айқын аңғарылады. Таубеннің өзі: «қырғыздардағы қылмыстың бастысы – конокрадство. Білемісіз, дала жылқысы даңқты Сібірлік казак әскері үшін қажет құрал. Міндет – жылқы орнын ұрлықпен кеміту емес, арзан бағамен мемлекетке сатып алу» [4, 73 б.] дегенін бұлжытпай орындаған ояз Коновалов бір ғана сентябрь айының өзінде қазақ жылқысын арзан бағаға түсіріп, тіпті тегін алып, мемлекетке мындаған мал өткізеді. Әр жәрменкеде оның арнайы адамдары жұмыс істеді. Қазақ жылқысы ай сайын мыңдалып, Ресейге айдалып жатты. Ол алдына қойған биік мақсатына жылқы арқылы жететінін түсінді. Өйткені Таубен оның мұндай ерлігін бағалайтын. Олардың түсінігінше, асыл тұқымды жылқы қазақтарға емес, казачествоға ауадай қажет. Қазақ даласынан табын-табынымен жылқы алу саясаты көп заман бұрын басталып, Грозный заманының өзінде қолға алынғанын ғалым А.Токтабай жазып көрсеткен. Ыңғайлы жағдайларды, қазақтың саудаға икемсіздігін пайдалана отырып, жылқыларын ортада жүретін делдалдар мен алыпсатарлардың қитұрқы саясатының салдарынан аңқау, арамдықты білмейтін қазақтардың көп ұтылғанын жазады. «Қазақ қайдан оңсын. Орынбордың менуоой двoryнда бір сіріңке бір тоқты тұрған» деген дерегін ашына алға тартады [5, 139 б.]. Ғалым XVIII ғасырдың ортасынан бастап Қазан төңкерісіне дейін 150 жылда қазақ жерінен 15 млн жылқы әкетілген деп қорытынды жасайды. Оның үстіне қазақ даласынан үздіксіз ірі, мықты, әдемі жылқыларды сатып алып отыру бұл түліктің сапасын түсіріп қана қоймай, осы уақытта көптеген асыл тұқымды жылқы тегі жоғалған деген пікірінің ақиқаттығына біз де ден қоямыз. «Патшалық Ресей үкіметі Цинь патшалығының шекара маңында отырған, сондай-ақ бұрын олармен сауда жасасып келе жатқан қазақтардың малдарын және мал

шаруашылық өнімдерін зорлықпен төмен бағамен жинап алып отырды» [6, 58 б.]. Онымен де шектелмей, «қазақ жылқысының тамырына балта шапқан 1929-1931 жылдары коммунистердің жасаған коллективтендіру саясаты, сол жылдары қазақ жылқысының генетикасының 80%-ын құртып кетті» [5, 143 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

С.Жүнісовтің «Ақан сері» романы – санаға зіл батпан салмақ салатын туынды. Романда қазақ болмысы, санасы, даласы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігін отарлаудың барлық жолдары мен әдіс-тәсілдері айқын сипатталған. «Біз тарихы жазылмай келген халықпыз» деп Р.Бердібай айтқандай, ұлт тарихы жазылмаған заманда оның көлеңкелі кезеңдері аталған туынды бетінде анық бедерленді. Сол дәуірдің атмосферасын, халықтың жағдайын танып-түсінуде бұл шығарма маңызды рөл атқарады. «Жігіттер, бәріміз Алаштың азаматымыз» деген сөзді салады автор керей жігітінің аузына. Роман жарық көрген уақытта алаш жөнінде айту ешкімнің ойына да келмеген дүние болатын. Автор патша үкіметін айыптаған болып отырып, қазақ даласын отарлаудың негізгі жолдарын жазып шықты. Ал патшалық империяның заңды мұрагері кеңестер үкіметі екені түсінікті. Осыны тарқатып көрсету үшін зерттеуде тарихи-теориялық әдіс пен тарихи-типологиялық әдіс кеңінен қолданды. Бірқатар тарихи деректерді пайдалана отырып, жансыз деректерге жан бітірген көркем туындының интерпретациясы пайымдалды. Автордың ұстанған принципін айқындауда, заман тынысы мен шындығын беруде тарихи әдіске көп жүгініп отырдық. Рухты қазақтың жылқысын алудағы мақсат екеу: бірі – арда қазақты аттан түсіру арқылы отаршылдыққа көндіру, басын идіру болса; екіншісі – кең байтақ жеріне келімсектерді қоныстандыру. Тарихшы К.Нұрпейісовтің: «Ұлттық рухтан айрылған халық ел болудан қалып, жігерсіз, еріксіз тобырға айналмақ. Басқаның құрығына мойынсұнып, оның жетегінде кете береді» [7, 18 б.] дегеніндей, аталған екі мақсаттың қазақтың ұлттық болмысы мен таным-түсінігіне қаншалықты негативті сипат әкелгені романның өн бойында тұнып тұр.

Нәтижелер

Романда берілген отарлаушылар өкілі Коновалов пен Радзилевич дала қазақтарының ақшаны қалталарына басып, ауыздарын айға қаратты. Екі залым өзара келісіп, мәселені шешуді ойынға айналдырды. Құрбандыққа шалғандары – қазақтың өнерлі жастары. Олар бай-мырзаларды бір бөлмеге жинап, бір-бірімен ділмәрсып, долданып, шарпысып, бір-бірімен таласып жатқан дала бөрілерінің аптығын біраз басу үшін әдейілеп кешігіп кіреді. Үстіне оқалы мундирін киіп келгенде керілдесіп, отырған қазақтар орындарынан ширақ тұрып, тағзым етіп, қашан ояз орнына жайғасқанға дейін отырмай, түрегелген қалыптарын сақтап қалды. Далалықтарды психологиялық тұрғыдан жығу үшін жасаған ояздың осы тұстағы жасанды келбетіне тоқталсақ, «қуаңдау тартқан түсі сұсты, қабағының түйілер тұсындағы қою қасының әр қылы бұрынғыдан бетер тікірейіп кеткен сияқты. Екі қолымен столды тірей ентелеп, болыс, байларды жаңа көргендей көкшіл

көзін сығырайта түсіп, әрқайсысын тінте, сүзе қарап бірқауым уақыт үнсіз отырып қалды» [4, 83б.]. Бірақ, әрине біз ояздың сырттай қатал, сұсты көрінгенімен, өзінен жоғары чинді ұлықтардың алдында жасқаншақ, отырған орнынан айрылмаудың шарасымен адам күлерлік жағымпаздық қылықтарға да ұялмай баратын арсыз, қорқақ ояз екеніне Радзилевич көзқарасы арқылы қанықпыз. Сұм Радзилевич қазақ байларын «Джаман, джаман» деп қорқытып, степной губернаторстводан келген спецзаконмен үркітеді. Осылайша, екі аяр, сұмның кесірінен малынан айрылып, әділдік іздегендер елді дүрліктіріп, қылмыс, бассыздық жасаған болып шықты. Асқа шақырылмағаны үшін кектеніп, «өлген Құлагердің кегін аламыз» деп желпілдеген жастарды жіберіп, барымта жасатқан Нұртаза болыс ояз бен нотариусқа берген көп ақшасының арқасында аман қалып, еш жазаланбайды. Бұл отарлаушылардың қазақ елінде ешқандай әділдік орнатуды көздемей, паракорлықтың аса асқынған түрі билік алғанын көрсетеді. Олар қазақ өмірінде өзіндік орны мен мәні бар барымтаны ұрлық деп танып, негативті сипат жамайды. Барымтаны ұрлық деп заңдастырып, оған тыйым салу арқылы қазақ жылқыларын ресей даласына еркін тоғытуға жол ашты.

Тәуке ханның «Жеті жарғысында» айтылған барымтаның көшпелі қазақ өмірінде әлеуметтік терең мотивировкасы бар. «Барымта – байырғы уақытта дауласушы жақтың бірі би шешіміне наразы болған жағдайда немесе кінәлі жақ би шешімін орындамаған кезде күшпен кепілдікке айдап алынатын жылқы. Дәстүрлі қазақ қоғамында барымта орынды саналатын» [8, 551 б.]. Орыс зерттеушілерінің еңбектеріне сүйене отырып, А.Тоқтабай патша үкіметінің қазақ арасында орыс заңдарының оңайлықпен еніп, орындалмайтынын түсінген соң барымтаны «қазақты қазаққа айдап салудың, сөйтіп көшпелілерді уысында ұстаудың бір құралы ретінде» шебер пайдаланғанын айтады [9]. Орыс үкіметі барымта мен мал ұрлауды бір санап, қарақшылық шабуыл түріне жатқызды. Барымтаның мәнін, қазақ өміріндегі маңызын отарлау жайындағы зерттеу еңбектер мен архив деректеріне сүйене отырып тарихшы Виргинин Мартин: «Барымтаны қылмысқа айналдыра отырып, Ресей оны толығымен құртуды мақсат тұтты. Көшпелілердің ұғымында барымта қылмыс болып саналмайтын, қайта халықтың мәдени санасына реніш, абырой және кек алу боп енген заңды, әділетті дәстүр еді» деп нақтылайды [10]. Барымтаны бұрмалаумен шектелмей, жеріне қол салғандығы да шығармада әлеумет өмірімен байланыста көрініс тапқан.

«Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деген А.Байтұрсынұлының күңіренісінің көрінісі мен себебі осы романда айқын сипатталған. Ең сұмдығы қазақ жерінің дені – жылқы жайылымы екенін тез түсініп, жылқыны азайту арқылы жерді иемденуді бірінші орынға қойды. Ондағы түпкі мақсат – жайылымды жерлерге орыстарды қоныстандыру, қазақ даласын орыстандыру. Орысқа керегі – егін егетін жер. Қазақ жерінің құнарлылығын айтқанда ауыздарының суы құриды дейді Ақан сері. Ақмола төңірегіне жылда переселенемен, ссылкамен жер ауып, қаншалықты крестьяндар келіп, жер алып кенеліп жатыр. Оларға патша атынан ссуда беріледі: «патша үкіметі ол ссуданы мүлдем жоймайды, жаңадан келетіндерге

тағы да төгеді. Онда үлкен саясат бар...» [4, 126 б.]. Ғазиз әнші тілімен айтқанда, орыстар «қазақтың кең сахарасынан таңдап, кесіп жер алып, үй қалап, бақша салып, тіршілік еткен халық» [4, 126 б.]. Ең шұрайлы – өзенді, көлді, тоғайлы жерлерді мекендеп, деревнялар тұрғызып жатыр. Жер – қазақ өміріндегі басты құндылық. Бар тіршілігі төрт түлік малға негізделген қазақ үшін шұрайлы жерден айрылу – өмірінің мәнінен айрылумен тең. Жер – көшпелі халықтың өмір сүруінің көзі, мәні. Жерді тартып алу жергілікті халықтың көшпелі өмір сүру сипатын өзгертіп қана қоймай, малдың да жайылымын тарылтып, өсіп-өнуіне кедергі келтіріп, санын күрт азайтты. Соның ішіндегі ең өзектісі – жер проблемасы. Орыс келімсектерін қазақ жеріне орналастыруда көп еңбек сіңірген проф. А.Кауфманның өзі 1905 жылғы мәліметінде: «Я не рискую ошибиться, если скажу, что степные области ни в каком случае не дадут еще такой же площади земель, годных для крестьянской колонизации, какая уже была отведена к 1905 году в размере 3 миллионов десятин» деп жазып, шамадан тыс жердің алынғанын ғылыми тұрғыда мойындайды [11]. Қазақтың шұрайлы қонысын тартып алу озбырлығы мұнымен шектелмегендігін, 1906-1917 жылдар арасында отарланған жердің 45 млн десятинаға жеткенін, ал қоныс аударушылардың саны 1,5 млн адамға өскенін тарихшы Д.Салқынбек нақты деректерге сүйене отырып көрсеткен [12, 75 б.].

Ұлт мәселесінде ұлы державалық шовинизмді ұстанған шенеуніктер аз болған жоқ. Романда отарлаушылардың типтік бейнесі ретінде Коновалов пен Радзилевич тереңдей, жан-жақты суреттеледі. Патша үкіметінің қазақ даласына жіберген тоңмойын билеушілерінің ұстанған саясаты – озбырлық болды. Жәбір көріп алдына келген қазақтарды еркінсітпей, жұдырықты батырып алуды ғана ойлайтын Коноваловпен қоса Радзилевичтің өзі не тұрады. Олар қазақтың дәстүрін, қала берді құқықтық дәстүрін мойындамақ түгілі, аяқасты етті. Радзилевич – қазақ даласының қай түкпірінде (Семей, Ақмола, Көкшетау) жүріп, қандай қызмет атқарса да паракорлығымен аты шыққан, қылмысы ашылып қалса, екінші жерге жылжып жүре беретін, ел ішінде жылпостығы мен арамдығынан Иван Калита атанған, дүниеге құныққан адам. Ол – бағынышты елді басқарудың құпияларын жетік білетін «білгір маман». Қазақ елінің әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне жүйрік. Қазақ салтының, дала заңының ерекшелігін, оны орыстың заңымен ұштастыруды көп зерттеген сауатты адам. Қазақ даласын билеу, орыс заңдарын енгізу, қолдану жөнінде көп еңбек сіңірген Гросс, Леонтьев, Блек сынды заңгерлермен қызметтес болған. Жазушының суреттеуінде, нотариус Радзилевич су тышқанның көзіндей арасы жақын біткен айралы, аяр көздерін адамға тіке қадап сөйлейтін, оның уысына қазақтар жылан арбаған қояндай түсіп қалатын. Радзилевичтің түпсіз қалтасына қомақты қаржысымен келіп түспеген қыр байы кемде-кем. Паң Нұрмағамбет те Коноваловқа келмес бұрын бір бума ақшаны алақанына салған. Тіпті, Коноваловтың жап-жас баласының өзі: «Қырғыздар, шынында да, табиғатында жомарт халық. Ал, олар сол жаратылысына жазған жомарттығын істемеген күнде, тәуелді адамдарына анда-санда сый-құрмет жасап тұрса оның несі айып? Қайта олар осылай

жасауға тиісті. Әйтпесе несіне бағынышты. Волостной управительдер уездной начальникке сыйлық жасаса, олардың да соншама түсімі бар – оларға тәуелді түземдіктер аз ба? Мына азынаған мидай далада, түземдіктермен қатар өмір сүріп, жақсы тұрмыста тұрмауға ешкімнің қақысы жоқ. Бұл – өмір заңы!..» [4, 82 б.]. Өкінішке орай, осы көзқарас, осы өмір заңы қазақ даласында 1991 жылға дейін орнап, үстемдік құрып келді.

Қазақ даласын байлықтың көзі деп таныған Коноваловтың баласы үйленетінін естіп, той жабдығына деп Жанбота мен Азнабай қыруар қаржы әкеп алақанына салды. Сүлеймен Кемеловтікі тіпті ерекше: бес жүз теңгемен қоса, екі арғымақ, су жана сандықты толтырып, шығыс өрнегімен зерленген екі алтын білезік, бірнеше иінді алтын сырғалар, жас келінге деп сәукеле әкеледі. Көздің жауын алатын түрлі құлпырма асыл тастар қадалған сәукелені ұстағанда Коновалов көлбақа ұстағандай шошып, есік жаққа лақтырып жібереді: «Саған ұнап қалған екен басурмандар! Енді жетпегені қалыңдықты басурманка ету ме еді. Қара бұларды, мазақ қылғысы келген екен» [4, 116.]. Осындағы «басурманка» деген бір ауыз сөздің өзі келімсек шенеуніктердің қазақ даласын қаншалықты иемденіп, билеп-төстегенін аңғартады. Бас киімді қадірлейтін қазақтың ұлттық сәукелесін табалдырыққа лақтыру да – жақсылықтың нышаны емес. Романның өн бойынан әділетсіз зорлықты айтып шағынғанша жарым жасың құритын қуыс, жыңғылы көп шатқалаң заманды; ел қамын жер нардай еріңізден, ұлық қол астындағы атанның құмалағындай мөріңіз асып тұрған кер кезеңді; қара бұлттай түнерген сойқан заманды танимыз. Оны танытқан Ақанның әкесі Қорамсаның бір ауыз сөзі: «заман – ақша заманы. Заманыңның түлкі екенін сен менен де артық түсінесің. Түсіне тұра ілерлік тазылық қалпың жоқ, не алдына құрар қақпаның жоқ» [4, 197 б.]. бұл сол дәуірдегі таза қазақ қалпы.

Талқылау

Жылқыны тану, жылқының қазақ даласында азаюы арқылы заманның азғанын көреміз. Қазақтың тұнығы лайланып, намысы тапталып, рухы жаншылып, бұлттанған көгі аз болған жоқ. Оны романдағы мына эпизод айқын аңғартады. Ұйлыққан қанден иті (испандық спаниель) қақпа астындағы қуыстан шығып кетіп, көше иттерімен жүргенін көргенде қызғаныш пен ызадан ояздың екі көзі қанталап, жарылуға шақ қалды. Иті көзі жасаурап, әбден сілесі қатып, түнде бір-ақ келгенде «пасурмандардың жаман иттері басынды-ау, ұят болды-ау, деп шашын жұлып, арақ ішіп, өзін зорға басады. Итінің шығып кеткеніне малайын тілдеп, жер-жебіріне жетеді. Мұны естіген Ғазиз әнші күйініп: «ояздар малайларына итінің артына дейін аңдытып қояды екен-ау, о-заман-ай» деп зығырданы қайнап кетеді [4, 112 б.]. Коновалов алдына қазақтың игі жақсылары келгенде де, алдындағы қағазына үңілген қалпында, басын да көтерместен жақтырмай, бұйыра, тықсыра сөйлейді. Қыр қазақтарын елемеген сыңаймен, қағаздарын мағынасыз ақтарумен, ашулы ұсқынын аңғартып отырады. Екі қос жылқы – 827 бас жылқысын алдырған паң Нұрмағамбет сөзін асықпай сөйлегеніне, егер Коновалов мәселені

шешпесе жоғары жаққа шағымданатындықтарын орыс тілінде жеткізгендегі Коноваловтың сипатын да автор қалт жібермейді. Өзіне бағынышты қараңғы қара халықтан мынадай сөз естіп көрмеген ояз не күлерін, не айғайлап қуып жіберерін білмей, зығырданы қайнап, жарылуға шақ қалған келбетінің өзі көп жайды аңғартады. Оның ойынша, бағынышты надан халықтың шағымдануға да, мұның алдына келіп уақытын алуына да хақысы жоқ. Басынан аяғына дейін орыс үлгісімен сәнді киінген әрі орысша жатық, бипаздап сөйлеген сөзінің ыңғайынан үрейленіп, аяғын тарта бастады. Паң Нұрмағамбетті «дала мыстаны» деп таныған ояз оны өзімшіл санап, айтқан сөздеріне шамданып, ызаланып қалады.

Дәл осындай эпизодты біз І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан да көреміз. Аға сұлтан Қоңыркұлжа Құдаймендин Омбыға әдейілеп келіп, кірпідей тікірейген Горчаковтың (Батыс Сібір генерал губернаторы) алдына келгенде ол «отыр» демейді, сес көрсетіп, тұрып-тұрып қысқа ғана сөйлеседі. Оның себебі, Лондоннан әдейі алдырған ағылшын сеттері тұқымдас қаншығы ауырып қалғандықтан, соны Томскіден шақырған дәрігерге апарып көрсетуге асығып тұрған. Жылқықұмар емес, итқұмар князь үшін сүйікті қаншығы ауырып жатқанда, қазақтың бір аға сұлтанымен мылжыңдасып, уақытын өткізуі бекер. Горчаков сөздерінен ақ патшаның қазақ даласына деген саясаты Абылай заманындай емес өзгергенін, олардың қазақ жерінде мықтап тұрып орын теуіп алғанын, бір емес, бірнеше бекініс, форпосттар салып алу арқылы тым күшейіп алғанын, енді оларды мың Кенесары да қазақ жерінен қуып шыға алмайтынын түсінеміз. Горчаковтың: «патша ағзамға бағыну деген сөз – саяси бостандығымды жоғалттым деген сөз» [13, 744 б.] дегені ақиқат болатын. Расында Кенесарының әрекеті «пілге үрген қанден күшікпен тең» дегенді генерал Генс те ұқтырады. Ол патшаның отаршылдық саясатының тым асқынып кеткенін, ол мақсатына жету үшін қан төгуден қорықпайтыны, қазақ халқының басына түскен қиянатының соры тым қалың екенін Есіркегенге ескертеді. Жазушы Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында: «сіздің дәргеіңізге жығылмаймыз, тең қатар одақтас ел болайық» деген бай-шонжарларға Тевкелев: «Біздің империямыз құл-құтанмен қалай одақ болады» деген сөздер бар. Үлкен империялар шағын халықтармен ешқандай одақ бола алмайтыны қазақтың «тең теңімен, тезек қабымен» деген бір ауыз мәтеліне сыйып кетеді. Бақсақ, отаршылдықтың тамыры тым тереңде екенін кеңес заманының өзінде бірқатар қаламгерлер жазып отырған екен.

Отарлаушылармен қазақ жеріне келген қылмыс, қиянат парақорлықпен қана шектелген жоқ. Орыстар өздерімен бірге арақ ішіп, карта ойнау, түрмеге салып азаптау, итжеккенге айдау сынды зұлматтарды алып келді. Парақорлықтың қазақ даласын жайлауы: «Бирондар Россияны кеулеп барады. Енді қазақ даласын да жайлады. Бирон – Анно Ивановна патшаның тұсында өмір сүрген Курляндия герцогы. Ол ең арты патшаға жолықтырғаны үшін өз қызметкерлері – чиновниктерден пара алады екен. Кейін бүкіл Россияның қазынасына түсіп тонаған. Халықтан недоимка жинаушыларды ол кезде бироновшылар деп атаған. Өзінің саясатына қарсы адамдардың құлағын кесіп,

мұрнын жұлып, тірідей жерге көміп өлтіретін нағыз қаныпезер» [4, 129 б.]. Романда көрініс тапқан екінші зұлмат – арақ. «Паңның үйінде астарына атлас көрпелерді қабат-қабат көпірте салған. Феровонтов, Исмаиловтар анда-санда көрлен шыны аяқпен ішімдікті жұтып қойып, Ақмола шонжарларымен бірге покердің қызығына кенеліп, рахат бір бейғам тіршілікте отырған» [4, 16 б.]. Қазақ байлығын теспей сорып жатқан Феровонтовтардың жергілікті халыққа деген титтей де сыйластығы жоқ, оларды тобыр деп атайды. «Бұл тобыр нервыны тудырады ғой», «тобыр деген үріккен қой сияқты, бірі үріксе, бәрі бірін-бірі басып, өлтіргенше тоқтамайды» деген сөздері соның дәлелі. «Көрдегіні тірілтіп, сақауды сөйлететін» ақ жорға – арақтың жүрген жері пәле, зұлмат. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында Орынбор әкімі губернатор Неплюев үш жүзге тарта қазақтың игі жақсыларын шақырып, кең далаға ұзыннан-ұзақ дастарқан дайындағанда, табақ-табақ етпен қоса шарапты да толтырып қояды. Тіпті оны өзі зәмзәм суы деп атап, ішпегендерді ақ патшаның жауы санайтынын да жеткізеді. Сонда қазақтың аңқау да аңғал ақсақалдары мен батырлары «тәуекел» деп қағып салғанда, өңештері өртеніп, қақалып-шашалып қалса, кейбірі білдірмей, жерге төкті. Автор дәл көрсеткендей, осы жиынға жиналған «жамырасқан бейшаралар өздері ауызданған осы арақ-шарапқа екі жүз жылдан астам уақыт өткен кезде, үрім-бұтақтарының әбден қанығып алатынын білген де, түсінген де жоқ болатын. Онсыз да бекіністер салу арқылы қазақ даласына дендей енген отаршылдардың малға жайлы жерлердің бәрін егіске ыңғайлай бастаған әрекетінен отарлау саясатының ызғарлы лебін бұқара халық әбден сезінген болатын. Жерін тартып алғанымен қоймай, арам сумен аузын былғауға кірісті. Отаршылдық темір құрсаудай қыса бастады, шұрайлы жерлерге орыс шаруалары қоныстандырылды, ел тіршілігінің шеңбері тарылды.

Қазақ үшін нағыз азап болған – орыстардың түрмесі. Адамды тірідей қамап, қорлау барлығын билердің даналығы арқылы шешетін қазақ үшін таза зұлмат болды. Аяқ-қолы кісендеулі, көгендеулі, қасіретті бейбақтардың тағдыры расында қиын еді. Қазақ қылмысты адамдарды бұрын да жазалаған. Жазалаудың бірнеше түрі болған. Ең негізгісі – құн. Айыпты адамдар құн төлейді. Билер соты, қазылар көп жағдайда мал төлемімен, не адам айырбасымен екі жақты келістіріп, татуластыратын болған. Ал барымташыларды жазалағанда ұрлаған жаққа айып-айбана тартқызып, екі есе өсімімен қайтартып, бітістіретін болған.

Қорытынды

«Үнінен, тілінен, жерінен, дінінен айрылған халық жер бетінен жойылып кетеді» деген әл-Фарабидің сөзі бар. Өткен тарихты анық біліп, сабақ алып, қазақтың қанқұйлы қасіретке толы тағдырын терең біліп, жарқын болашақтың көкжиегін көруде С.Жүнісовтің осы талданған романы маңызды рөл атқарады. Ұзақ уақыт бодан ел болғандықтан ұлттық болмысымыз бен ұлттық құндылықтарымызды оқырманға түсіндіріп, жеткізуде әдебиетшілердің алдында тұрған іс көп. Расында қазақтың дәстүрі, мәдениеті ғана емес, психологиясы да жылқымен тығыз байланысты, жылқы – қазақтың этникалық

құндылығы екенін отаршылдар жақсы білді. Жылқы мен қазақ егіз ұғым екенін, болмыстағы қасиеттері ортақ екенін қалтқысыз таныды [14]. Отарлық езгіге түсу қазақ халқының эволюциялық үдерісін тоқтатып, дәстүрлі өмір сүру мәдениетінен айырып, рухани дағдарысқа түсірді [14; 10]. Салдарынан ұлттың сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тілі мен ділі, этногенетикалық тегі, төл мәдениеті державаның көлеңкесінде қалып, қағажу көрді. Көне шежіре көмескі тартты. Отарлау саясатына қазақ зиялылары мен ақсүйектері қарсы тұра алмады, оған тегеурінді империя ешқандай мүмкіндік бермегеніне қазақ тарихындағы түрлі қанды оқиғалар куә.

Түп тамырымызға, тегімізге үңілуге мүмкіндік берген С.Жүнісовтің бұл романы қазақ даласының өркениет көшінен қалмаған, мәдениеттер тоғысқан, көшпелілер мәдениетінің көкжиегін кеңейткен, түгел түркінің мүддесін көздеген қасиетті мекен екенін танытты. Романда ұлттың басынан өткен өмір шындығы мен ұстараның жүзіндей лыпылдаған замандағы әрекеті, ұлт болып өмір сүру жолындағы харекеті танылады. Көшпелі өркениетінен айрылған елдің әрі қарай ұлт болып ұйысып өмір сүру жолындағы харекеті, белсенділігі көрініс тапқан. Тегеурінді күшпен қазақтың басы иілсе де, рухы, жүрегі иілмегені айқын. Ұлт зиялылары отаршылдардың зардабын көрді, түсінді. Олардың әрекеті «әлсіз күреспен ашық күреске» (С.Қирабаев) шығу болған жоқ, елді оқыту, сауықтыру арқылы отаршылармен теңесу арқылы құтылу болды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің №АР14872341 «Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы» атты 2022-2024 жылдарға арналған гранттық жобасы негізінде жарияланды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 б.
- [2] Shubert M., Jonsson H., Chang D., Sarkissian K., Ermini L., Ginolhac A. Prehistoric genomes reveal the genetic foundation and cost of horse domestication. The University of Texas at Austin, TX. December 15, 2014. – 111(52) – P. E5661-5669. <https://doi.org/10.1073/pnas.1416991111>
- [3] Түгел С. Қазанат – қазақтың қазынасы // Argumaq.kz. Ұлттық танымдық порталы. 30.05.2014.
- [4] Жүнісов С. Таңдамалы шығармалар: Екі томдық. Екінші кітап. Ақан сері: Роман. Повесть және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1981. Т.2. – 472 б.
- [5] Тоқтабай А. Қазақ жылқысы – жылқылардың анасы // Айқын. – 2023. – №22 (4270), 23 ақпан.
- [6] Мұхаметжанұлы Н. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы: Санат, 1996. – 220 б.
- [7] Нұрпейіс К. Еуроцентризм, жаһандану және ұлттық рух хақында // Қазақ тарихы, 2005. №2. – Б. 16-21.
- [8] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 б. (иллюстрацияланған).

- [9] Токтабай А. Барымта – батырлық мектебі // Отан тарихыю - 2007. – №3. – Б. 186 - 194.
- [10] Martin V. Law and custom in the steppe: the Kazakhs of the Middle Horde and Russian colonialism in the nineteenth century. – Routledge. 2012. – 244 p.
- [11] Кауфман А.А. Переселение и колонизация. – Санкт-Петербург, 1905. – 231 с.
- [12] Салқынбек Д. Қасиетті қазақ жері қалай отарланған еді? // Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. – 2005. – №11. – Б. 70-77.
- [13] Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2014. – 896 б.
- [14] Куцио Т. Посткеңестік отаршылдық кеңістіктегі тарих, жады және ұлт құрылысы. Ұлттар туралы құжаттар. – 2002. – 30(2). – Б. 241-264.

REFERENCES

- [1] Dadebaev J. Jazwşı eńbegi (The work of the writer). – Алматы: Qazaq wñiversiteti, 2001. – 340 b. [In Kaz.]
- [2] Shubert M., Jonsson H., Chang D., Sarkissian K., Ermini L., Ginolhac A. Prehistoric genomes reveal the genetic foundation and cost of horse domestication. – The University of Texas at Austin, TX. December 15, 2014. – 111(52). – P. E5661 – E5669. <https://doi.org/10.1073/pnas.1416991111>. [In Eng.]
- [3] Tugel S. Qazanat – qazaqtıń qazınası (Kazanat-Kazakh treasure) // Argymaq.kz. Ulttıq tanımdıq portalı. 30.05.2014. [In Kaz.]
- [4] Zhunisov S. Tańdamalı şıǵarmalar: Eki tomdıq (Selected works: two volumes). T.2. Ekinshi kitap. Aqan seri: Roman. Povest jáne ańgimeler. – Алматы: Jazwşı, 1981. – 472 b. [In Kaz.]
- [5] Toktabay A. Qazaq jılqısı – jılqılardıń anası (Kazakh horse is a mother of horses) // Ayqın. – 2023. – №22 (4270), 23 aqpan. [In Kaz.]
- [6] Muxametjanulı N. XVIII-XIX ǵasırlardaǵı qazaq-qıtay baylanıstarı (Kazakh-Chinese relations of the XVIII-XIX centuries). – Алматы: Sanat, 1996. – 220 b. [In Kaz.]
- [7] Nurpeyis K. Eurocentrizm, jahandanu jáne ulttıq ruh haqında (Eurocentrism, globalization and national spirit). // Qazaq tarıxı. – 2005. – № 2. – B.16-21. [In Kaz.]
- [8] Qazaqtıń étnografiyalıq kategoriyalar, uǵımdar men atawlarınıń dástúrli júyesi (Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names). Énciklopediya. – Алматы: TOO «Alem Damu İntegraciya», 2017. – 856 b. (ıllustraciyalanǵan). [In Kaz.]
- [9] Toqtabay A. Barımta – batırлық mektebi (Hostage is a heroic school). // Otan tarıxı, 2007. №3. – B.186-194. [In Kaz.]
- [10] Martin V. Law and custom in the steppe: the Kazakhs of the Middle Horde and Russian colonialism in the nineteenth century. – Routledge. 2012. – 244 p. [In Eng.]
- [11] Kawfman A.A. Pereselenie i kolonizaciya (Resettlement and colonization). – Sankt-Peterburg, 1905. – 231 s. [In Rus.]
- [12] Salqınbek D. Qasietti qazaq jeri qalay otarlanǵan edi? (How was the sacred Kazakh land colonized?) // Qazaqstan tarıxı. Ädistemelik jwrnal. – 2005. – №11. – B. 70-77. [In Kaz.]
- [13] Esenberlin I. Köşpendiler (Nomads). – Алматы: «Köşpendiler» baspası, 2014. – 896 b. [In Kaz.]
- [14] Kucio T. Postkeñestik otarşıldıq keñistiktegi tarıx, jadı jáne ult qurılısı (History, memory and nation construction in the post-Soviet colonial space). Ulttar twralı qujattar. – 2002. – 30(2). – B.241-264. [In Kaz.]

ОТРАЖЕНИЕ ПРОЦЕССА КОЛОНИЗАЦИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В ЛИТЕРАТУРЕ

*Токшылыкова Г.Б.¹, Сартбаева Э.К.², Бораш Р.Б.³

^{*1} магистр ин. фил., ст. препод., Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

²магистр ин. фил., ст. препод., Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана г.Алматы, Казахстан
e-mail: scorpio_es@mail.ru

³канд. пед. наук, ст. препод., Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
³e-mail: borash62@mail.ru

Аннотация. Цель исследования – изучить процесс колонизации казахской земли на примере художественного произведения советского времени, раскрывая аллегорический характер диалогии. Сделав определение авторской позиции основным направлением, авторы выдвинули идею о необходимости рассмотреть и интерпретировать их по-новому. Актуальность исследования заключается в том, чтобы снять исторические пласты наших традиций и национального самосознания, которые были искажены в течение многих лет, тщательно изучить их, воспеть ценность традиции, дать им должную и в тоже время независимую оценку. Научная новизна заключается в том, что авторы выражают свою независимую точку зрения о романе, написанный в метафорическом смысле, раскрывают исторический пласт, показывают главную цель писателя при написании романа, его верность своему народу, его патриотизм. Объектом исследования была выбрана диалогия писателя Сакена Жунисова «Ақан сері». Научная значимость исследования определялась решением автора - разъяснить читателю намерения и цели колонизаторов. Автор писал это произведение, основываясь на исторических фактах, с целью наглядно показать атмосферу, дыхание и жизнь общества того времени. Научная и практическая значимость исследования заключается в том, что его результаты могут быть широко использованы на специальных курсах, семинарах и в учебниках, связанных с историей казахской литературы. Мастерство писателя и реальность жизни, художественные идеалы, казахская идентичность и мировоззрение рассматриваются во взаимосвязи друг с другом. В этом направлении использовались исторические, историко-культурные, историко-типологические методы исследования.

В исследовании на основе научных трудов проанализировано и определено, что процесс колонизации казахской земли проходил в сложных условиях, обусловленных геополитическими условиями, и внес большие изменения в жизнь казахского народа, оказал негативное влияние на психологию всего народа. Через анализ жизни общества рассматриваются пагубные последствия царской империи, такие как колонизация, дискриминация, унижение казахской интеллигенции и знати, захват казахских богатых земель, поселение инородцев на плодородных землях, пьянство, тюремное заключение. Среди них вопрос об ослаблении духа казахского народа лишением степных коней и лошадей, являвшихся основным источником жизни народа. Ценность исследования состоит в том, что путем углубления в трагедию Акан сери были систематизированы знания, необходимые в области культуры, истории, этнографии, права. Практическое значение работы заключается в исторической ценности романа С. Жунисова, патриота, вопреки тоталитарному строю открыто показавшего колонизаторские намерения и его значение для духовности нации.

Ключевые слова: казахский дух, колонизация, коневодство, порода лошадей, пастбище, кочевая цивилизация, традиция, обычай барымта

REFLECTION OF THE PROCESS OF COLONIZATION OF THE KAZAKH STEPPE IN LITERATURE

*Tokshylykova G.B.¹, Sartbayeva E.K.², Borash R.B.³

^{*1}Master of Phil. Sc., senior teacher, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

²Master of Phil. Sc., senior teacher, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

e-mail: scorpio_es@mail.ru

³Cand.Ped. Sc., senior teacher, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: borash62@mail.ru

Abstract. The purpose of the study is to study the process of colonization of the Kazakh land by the example of a Soviet-era artwork, revealing the allegorical nature of the dilogy. Having made the definition of the author's position the main direction, the authors put forward the idea of the need to consider and interpret them in a new way. The relevance of the research is to remove the historical layers of our traditions and national identity that have been distorted for many years, carefully study them, celebrate the value of tradition, give them a proper and at the same time independent assessment. The scientific novelty lies in the fact that the authors express their independent point of view about the novel, written in a metaphorical sense, reveal the historical layer, show the main purpose of the writer when writing the novel, his loyalty to his people, his patriotism. The subject of the study was the dilogy of the writer Saken Zhunisov "Akan seri". The scientific significance of the study was determined by the author's decision to explain to the reader the intentions and goals of the colonizers. The author wrote this work based on historical facts, in order to clearly show the atmosphere, breathing and life of the society of that time. The scientific novelty lies in the fact that the authors express their independent point of view about the novel, written in a metaphorical sense, reveal the historical layer, show the main purpose of the writer when writing the novel, his loyalty to his people, his patriotism. The subject of the study was the dilogy of the writer Saken Zhunisov "Akan seri". The scientific significance of the study was determined by the author's decision to explain to the reader the intentions and goals of the colonizers. The author wrote this work based on historical facts, in order to clearly show the atmosphere, breathing and life of the society of that time.

In the study, based on scientific works, it was analyzed and determined that the process of colonization of the Kazakh land took place in difficult conditions due to geopolitical conditions, and made great changes in the life of the Kazakh people, had a negative impact on the psychology of the entire people. Through the analysis of the life of society, the harmful consequences of the tsarist empire are considered, such as colonization, discrimination, humiliation of the Kazakh intelligentsia and nobility, seizure of Kazakh fertile lands, settlement of foreigners on fertile lands, drunkenness, imprisonment. Among them is the question of weakening the spirit of the Kazakh people by depriving steppe horses and horses, which were the main source of people's life. The value of the research lies in the fact that by delving into the tragedy of Akan Seri, the knowledge necessary in the field of culture, history, ethnography, and law was systematized. The practical significance of the work lies in the historical value of the novel by S. Zhunisov, a patriot who, contrary to the totalitarian system, openly showed colonizing intentions and its significance for the spirituality of the nation.

Keywords: Kazakh spirit, colonization, horse breeding, pasture, nomadic civilization, existence, tradition, custom of barymta

Статья поступила 07.08.2023